

FTAMP 17.71.07

Б. Хасен¹, Ә.Ф. Даниял²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

МЕТАФОРА МЕН МЕТОНИМИЯНЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕГІНДЕГІ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа. Мақалада метафора және метонимия ұғымдары енгізілген, сонымен қатар әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеуіне жан-жақты талдау жасалынған, біз оқуды жеңілдету үшін Ахмет Байтұрсыновтың нұсқаларын қолдану дұрыс болады деген ойды зерттеу арқылы жеткізгіміз келеді.

Түйін сөздер: метонимия, метафора.

Аннотация. В статье вводятся понятия метафоры и метонимии, а также, проведен всесторонний анализ на исследование литературоведов, путем исследования хотим доносить мысль, что будет правильно использовать варианты Ахмета Байтурсунова для легкости обучения.

Ключевые слова: метонимия, метафора.

Abstract. The article introduces the concepts of metaphor and metonymy, as well as a comprehensive analysis of the study of literary critics, through research we want to convey the idea that it will be correct to use the options of Akhmet Baitursunov for ease of learning.

Keywords: metonymy, metaphor.

Бүгінгі күнде білім алушылардың әдебиетке қызығушылығы, таным-талғамы өзгеше. Көркем әдебиетті іздеп жүріп оқитын оқушылар, студенттер типі қазір сирек кездеседі. Оған қарап, барлығы бірдей көркем әдебиетті оқуға құлықсыз дей алмаймыз. Мектеп бітірушілер Білім стандарты талаптарына, бағдарламаға сәйкес қазақ әдебиетінің тарихын және бүгінгі әдеби процесс жетістіктерін жақсы білумен қатар әдеби-теориялық негізгі ұғымдарды да орнықты игеріп, ол білімдерін көркем шығармаларды талдау барысында таныта алуы міндетті. Алайда, барлық жүкті білім алушыларға артып қоюға болмайды. Теориялардың күрделілігі мен бір-біріне ұқсастығын жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, метафора мен метонимияның аражігін ажырату оқушы түгіл студентке де қиынға соғатыны белгілі. Енді осы әдеби троптың түрлеріне теоретик ғалымдардың берген анықтамасына тоқталайық. Сөздердің өз мағынасынан ауытқып, әдеттегіден тыс ауыса қолданылуымен ерекшеленетін метонимия термині ежелгі Греция мен Рим заманындағы

зерттеу еңбектерінен белгілі. Метонимия гректің *metonimi* – атын өзгертіп алмастырып атау деген мағынаны білдіреді. Ең алғаш болып метафора мен метонимияның теориялық негізін Аристотель қалады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушысы, ірі ғалым-лингвисті, әдебиет зерттеушісі, түрколог, дарынды ақын А. Байтұрсынов метонимияға мынадай анықтама береді: «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту ондай ауысу, алмастыру деп аталады» [1, 357]. Мысалы, Абай «Үйі мәз боп қой сойды, Сүйіншіге шапқанға» дегенде сүйінші сұраған жандардың баспанасын емес, адамдарын айтады. Сол сияқты, тұрғындардың орнына қоныс атауы: ауыл (бүкіл ауыл жиналды - бүкіл ауыл тұрғындары жиналды) - дейді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында метонимияға берілген анықтамаларды біркелкі дей алмаймыз. Мәселен, І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев «Бір сөздің орнына екінші бір сөздің ауыс қолданылуынан шығатын іргелес ұғым метонимия деп аталады» - деп ой қорытады [2,164]. Ал академик З. Қабдолов өз теориясында «метонимия өзара шектес заттар мен себептес құбылыстың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану» - деген анықтама береді. [3]. Белгілі ғалым Қ. Жұмалиев метонимияға мынадай анықтама береді: «Не құбылыстың бір жағы, не аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағынада араларындағы жақындығымен бірінің орнына екіншісі алмастырылып қолданылса және сол құбылысты түгел көрсете алса, метонимия дейді» [4,1]. Түсінікті болуы үшін тіліміздегі лингвистикалық түсіндірме сөздігіндегі метонимия қызметіндегі атаулардың ауысу ретіне тоқталайық:

1) бір табақ ет жеді (тамақ), сұйықтың орнына ыдыс атауының: табақ (бір табақ жеді);

2) заттың жасалатын материалының атауы: шыны (шыныға құйды - стаканға құйды, шөлмекке құйды);

3) қимылдың орнына қимыл нәтижесінің атауы: аялдама (автобус аялдамаға келді - автобус аялдайтын жерге келді);

4) қатынасушылардың орнына сол әлеуметтік оқиғалар мен шаралардың атауы: конференция (конференция шешім қабылдады - конференцияға қатынасышулар шешім қабылдады);

5) ғылым, білім салаларының орнына сол ғылым, білім нысандарының немесе керісінше, ғылым мен білім нысандарының орнына сол ғылым, білім салалары атауларының қолданылуы: синтаксис (біріншіден, бұл грамматиканың бір саласы ретінде жұмсалады; екіншіден, грамматиканың осы саласы зерттейтін нысандардың атауы ретінде де жұмсалады);

6) әлеуметтік ұйым, мекемелердің мүшелердің орнына сол мекеме, ұйымдардың атаулары пайдаланылады: кеңшар - кеңес шаруашылығы

(кеңшар) көктемгі егіске әзір - кеңшар (кеңес шаруашылығы) жұмысшылары көктемгі егіске әзір;

7) сезімге әсер ететін оқиғаның орнына эмоционалдық сөздің қолданылуы: тамаша (тамаша болды - тамаша концерт болды);

8) оқиға, шығарманың орнына сол оқиға, шығарманың авторының аталуы: Әуезов, Төлебаев (Әуезовті оқыдым — Әуезов әңгімелерін оқыдым; Төлебаевты тыңдадым — Төлебаевтың операсын тыңдадым т.с.с. [5].

Жоғарыда біз метонимияға берілген анықтамалар мен мысалдарға тоқталдық. Көптеген адамдар метафора мен метонимияны ажырата алмайды. Енді ғалымдардың метафораға берген анықтамаларына көз жүгіртейік. Ең алғаш, төл ғылымымызда метафораға анықтама берген А. Байтұрсынов болды. А. Байтұрсынов метафораны ауыстыру деген атаумен қолданып, оған теориялық анықтама берген: Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында тек ұқсастық жоқ, екі нәрсенің етететін әсері бірдей болса, біріне қас қамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз. Мысалы, «күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» дейміз. «Құтырып кетті», «қарыған», «соққан» деген сөздер нақ өз мағынасында емес, өзге мағынада айтылып тұр. «Құтыру» жанды, есті нәрсенің күйін көрсететін сөз. Мұнда күннің желдетуі адамның құтырған күйіне ұқсас әсер ететіндіктен жанды нәрсенің күйін көрсететін сөз күннің күйін көрсетуге ауыстырылып алынып тұр. Осындай ұқсастығымен ауыстырылып, өз мағынасынан сөзді өзгелеп айту - ауыстыру деп аталады», - дейді [6]. Қ. Жұмалиев метафораны «сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау, екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою» - деген анықтама берсе [4,2], З. Қабдолов «метафора сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» - деп қорытады [3,2].

Профессор В.М. Жирмунский: Біз ұқсастықтың негізінде сөздің мәнінің өзгеруін метафора деп атаймыз. Мысалы, жұлдыздар інжу сияқты: «інжу жұлдыздары», немесе «жұлдыз маржандары», немесе жұлдыздарды – «аспан маржандары» деген секілді поэтикалық метафораның түрлі мысалдарын ұсынады. Метафоралар күнделікті сөйлесу тілінде де кездеседі: «ауыр қайғы», «ащы көңілсіздік», «жарқын сезім», «тау етегі», «шөлмектің мойны» және т.б» – мысалдарды алға тартады [7].

П. Рикер метафора мен метонимия арасындағы қатынасты зерттеу барысында, метафора мен метонимия арасындағы қарама-қарсы қатынасқа барынша ортақ мағына беру мүмкіндігі туралы айтады, бұл ойлаудың метафоралық және метонимикалық үдерістерінің қарама-қарсылығын дәлелдейді. Метафорада ауыспалы, астарлы мағына екі нәрсенің

ұқсастығы негізінде туындаса, метонимияда олардың жалғастығы, айрықша белгісі арқылы пайда болады. Мысалы, әйелді – «ақ жаулық», әскерді – «қол», бүркітті – «ақиық, мұзбалақ», қылышты – «наркескен» деп айту метонимияға жатады. Метафораға қарағанда, метонимияның қолданылу аясы әлдеқайда тар. Метафора стиль түрлерінің қай-қайсысында (бірінде аз да, басқасында одан көбірек) қолданылатын болса, метонимия мүлдем олай емес. Метонимия тілдегі стильдердің бәрінде бірдей қолданылмайды. Ал ғылыми стиль (тіпті қоғамдық ғылымның өзінде де) мен ресми-кеңсе стилінде жалпы кездеспейді. Оның көбірек қолданылатын жері — көркем әдебиет стилі. Метонимияның көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы метафорадан гөрі өзгешелеу: яғни бұл екі троптың жазушы шығармаларындағы жұмсалу дәрежесін бірдей деуге болмайды. Өйткені, метонимияны көркем әдебиетте қолдану мәселесі, оның шығармадағы аздығы немесе көптігі ең алдымен әрбір жеке автордың сөз қолдануындағы өзіндік шеберлігімен тығыз байланысты. Шығармада метонимияны қолдану үшін белгілі дәрежеде шеберлік қажет.

Біз теоритик ғалымдардың берген анықтамаларына шолу жасап өттік. Расында, әдеби-теориялық ұғымдардың біразына шетелден аударылып анықтама берілгені жасырын емес. Олардың терминдік атауы да сол күйі көшіріліп алынған. Әрине, кейбір дүниелерді сол күйінде қолданған дұрыс. Дегенмен, ол білім алушыларға қаншалықты түсінікті? Біз ең бірінші осы сұраққа жауап бере алуымыз қажет. Бұл мақалада ажыратуы қиынға соғатын екі әдеби троптың түріне тоқтадық. Метафора мен метонимия. Термин атауы да ұқсас келеді. Мұның өзі де кейбір шәкіртке мәселе тудыратынын жоққа шығара алмаймыз. Мүмкін, заманында әп-әдемі қазақша баламасын жасаған А. Байтұрсынов нұсқасын қолданғанымыз туындаған мәселені жояр ма еді? Ауыстыру, алмастыру деп қазақша атаумен қолдансақ анықтаманың қажеттілігі де болмайтыны сөзсіз. Өйткені, терминнің атауының өзінде анықтама айқын көрсетіліп тұр. Жалпы қазақ халқы ешқашан жаңашылдықты жатсынған емес. Бұған біз қарсы келе алмаймыз, келмейміз де! Терминологияда қолданылатын терминдер көп елдерге ортақ болып келеді. Терминдер ұлттық та, ұлтаралық та, халықаралық та болып келе алады. Алайда, қазақ әдебиеттану ғылымында дараларымыздың салған жолын, берген анықтамасын ұмыт қалдырмауымыз керек. Анықтамалардың шамадан тыс өзге елдерден аударылып алынуы білім алушыларға қиындық тудыратыны рас. Бұл мәселе қазір ғана туындаған дүние емес. Ертеректе де қозғалғаны аян. Оған дәлел ретінде З. Қабдоловтың осы тұрғыда айтылған ойын келтірейік: «Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қараған жөн. Байыбына барып қарасақ, ол әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің әдебиет танытқышын сөз өнерінің әсем әліппесіне айналдырады» - деген пікір білдіреді [3.3]. Осы тұста А. Байтұрсыновтың теориялық терминдерінің баламаларын

қолдануды былай қойғанның өзінде, ғылыми айналымға енгізудің өзі орынды деген ой тұжырымдаймыз.

XX ғасырда қазақ әдебиеттану ғылымында ғана емес, қазақ тілінің де терминдер жүйесі қалыптастырылды. Бірақ, қазақ терминологиясының 80 пайызын интернационалдық терминдер құрайтындығы анықталды. Бұл бір жағынан қазақ баласы үшін оқуда қиындық тудырса, екінші жағынан тіліміздің өсуіне кедергісін келтіреді. Ана тіліміздің дамуы үшін терминдеріміздің дәл осы 80 пайызы қазақтың төл сөзінен құралуы міндетті. Мұны терминология саласымен айналысып жүрген ғалымдар растайды. Алаштың бетке ұстар А.Байтұрсынов бастаған ұлы тұлғалар тобы терминдердің атауын төл тілімізде қолданудың маңыздылығын айтып кеткен. Термин қалыптастыру қажеттілігі де жоқ. Әдебиет танытқышта терминнің 60 пайызына қазақша балама берілген. Тек қана ана тіліміздегі тілдік атаулармен алмастыру ісіне жүйелі түрде кірісіп, оны саналы түрде қабылдауға ұмтылуымыз қажет. Ол тілдің дамуы үшін ғана емес, берілетін білімді жеңілдендіру үшін де маңызды іс болмақ. Түптеп келгенде, адам баласы үшін туған тілінде түсіндірілген анықтамадан жеңілі жоқ. Шетелдің дайын бірліктерін қолданып, қабылдай салудан алшақтаған жөн болар. Тым болмаса, оның әдебиетке қажеттілігі жоқ. Әрине оның барлығына уақыт қажет. Заман да, білім де даму үстінде. Болашақта бұл мәселенің шешімі табатылатынына сенеміз.

Қорытындылай келе, білім алушылардың әрқайсысының сапалы білім алуына жағдай жасалынуы қажет. Айтылар сөзден де, берілетін білімнен де сұрақ туындамауы шарт. Ол үшін интернационалдық терминдерді тым болмаса 20 пайызға дейін қолдансақ дейміз. Қазақ әдебиетін жоғары деңгейде оқыту өте маңызды. Ұлт мәдениетін дамытушы да, өзге елдерге танытушы да бүгінгі оқушы, ертеңгі тұлға – жас ұрпақ екендігін ұмытпағанымыз жөн!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 391. – 464 б.
- 2 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 369. – 188 б.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 383. – 42 б.
- 4 4.Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 360, 364 б.
- 5 Салқынбай А., Абақан Е., Лингвистикалық түсіндірме сөздік, Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
- 6 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
- 7 Жирмунский В.М. Метафора в поэтике русских символистов, 1999. – Режим доступа:

<https://magazines.gorky.media/nlo/1999/1/metafora-v-poetike-russkih-simvolistov.html>.